

«3-Энергоорталық» АҚ-ның 2025 жылдың қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополия субъектілерінің қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы (жылу энергиясын өндіру бойынша) есебі

026 жылғы 21 сәуірде «3-Энергоорталық» АҚ-ның 2025 жылғы қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы тұтынушылар мен мүдделі тұлғалар алдындағы есебі өткізілді.

Есеп сондай-ақ «Zoom» қосымшасы арқылы онлайн-трансляция ұйымдастырыла отырып (бейнежазба жүргізумен) өткізілді.

Тыңдау өткізу туралы ақпарат 2026 жылғы 30 наурыздағы №36 «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланды.

Жалпы ақпарат

«3-Энергоорталық» АҚ – электр және жылу энергиясын біріктіріп өндіретін энергия көзі болып табылады. Станцияның орнатылған электр қуаты 160 МВт. Станцияның жұмыс қуаты жаз мезгілінде 75 МВт-қа дейін, ал қыс мезгілінде 140 МВт-қа дейін құрайды.

Станцияның жылу қуаты сағатына 500 Гкал-ға дейін ыстық су түрінде жылу және әртүрлі параметрдегі (60 атм., 35 атм., 16 атм.) 205 т/сағ дейін бу өндіруге мүмкіндік береді.

Негізгі отын ретінде табиғи газ пайдаланылады, резервтік отын – М-100 маркалы қазандық мазуты.

«3-Энергоорталық» АҚ қызмет түрі бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізілімінің жергілікті бөліміне енгізілген:

- жылу энергиясын өндіру қызметтері (ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің ОҚО бойынша департаментінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 304-ОД бұйрығы).

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат (1-қосымша)

Жылу энергиясын өндіру қызметіне арналған инвестициялық бағдарлама Шымкент қаласы бойынша ҚР ҰЭМ ТМРҚД 2021 жылғы 19 тамыздағы № 90-ОД бұйрығымен және Шымкент қаласының әкімдігі 2021 жылғы 31 тамыздағы № 90 қаулысымен 2022–2026 жылдарға бекітілген. 2025 жылға арналған инвестициялық бағдарлама Шымкент қаласы бойынша ҚР ҰЭМ ТМРҚД 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 102 бұйрығымен және Шымкент қаласының әкімдігі 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 89 қаулысымен түзетілді.

2025 жылы бекітілген инвестициялық бағдарламаға сәйкес 189,41 млн теңге сомасына іс-шараларды орындау көзделді, оның ішінде келесі жұмыстар атқарылды:

1. ТГМЕ-464 №3 ст. қазан агрегатының 1-сатыдағы КБҚ күрделі жөндеуі:

№3 ст. ТГМЕ-464 қазандық агрегатының 1-сатылы конвективті бу қыздырғыштың Ø 36x6 ст12X1МФ бу қыздырғыштарының пакеттерін ауыстыру жөніндегі іс-шаралар жылу және электр энергиясын үздіксіз өндіруді қамтамасыз ету және жабдықтың сенімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында орындалды.

2. ХЦ, ОЖЦ, ЭЦ, ӨАСТК және техникалық сорғы ғимараттарының шатырын күрделі жөндеу:

Шатырды жөндеудің мақсаты – шатырдан су өтуді жою, герметиканы қалпына келтіру және жабдықты ылғалдың әсерінен қорғау. Жөндеу жұмыстары еңбек жағдайларын жақсартуға, персоналдың қауіпсіздігін арттыруға және жабдық пен ғимараттардың қызмет ету мерзімін

ұзартуға мүмкіндік берді. Заманауи шатыр материалдарын қолдану ұзақ мерзімділікті қамтамасыз етіп, болашақта жиі жөндеу қажеттілігін азайтады.

3. **№2 қазан агрегатының газ трактын күрделі жөндеу:** Жылу оқшаулағышты бөлшектеу, қораптарды демонтаждау және жаңа қораптарды орнатып, жылу оқшаулағыш қабатын жағу жұмыстары орындалды.

4. **№2 қазан агрегатының ауа трактын күрделі жөндеу:** Жылу оқшаулағышты бөлшектеу, қораптарды демонтаждау және жаңа қораптарды орнатып, жылу оқшаулағыш қабатын жағу жұмыстары орындалды.

5. **ТГМЕ-464 қазан агрегатының №3 ПБАҚ күрделі жөндеу:** ПБАҚ пакеттерін демонтаждау және жаңа пакеттерді орнату, сондай-ақ құбырларды тазалау, ұштарын өңдеу және дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.

6. **ТГМЕ-464 қазан агрегатының №2 ПБАҚ күрделі жөндеу:** ПБАҚ пакеттерін демонтаждау және жаңа пакеттерді орнату, сондай-ақ құбырларды тазалау, ұштарын өңдеу және дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.

7. **КТЦ машина залының негізгі корпусы мен деаэратор қабатының шатырын реконструкциялау**

КТЦ машиналық залының негізгі корпусы мен деаэратор қабатының шатырын реконструкциялау қымбат жабдықты қорғауды қамтамасыз етеді, ғимаратты атмосфералық жауын-шашыннан және сыртқы климаттық факторлардан қорғайды, энергия шығындарын азайтуға және ішкі температуралық режимді оңтайландыруға мүмкіндік береді.

2025 жылы инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары толық көлемде 743,5 млн теңге сомасына орындалды, оның ішінде жылу энергиясын өндіруге жатқызылған сома 192,2 млн теңгені құрады.

Іс-шаралар бойынша нақты шығындардың бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген сомалардан ауытқу себептері материалдар құнының өсуімен байланысты болды.

Пайда болмауына байланысты инвестициялық бағдарлама бекітілген тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдар және көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты шығын баптары бойынша үнемдеу нәтижесінде босатылған қаражат есебінен орындалды.

2025 жыл қорытындысы бойынша көлемдердің төмендеуіне байланысты «3-Энергоорталық» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша алынбай қалған табыс сомасы 266,6 млн теңгені құрады.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат осы есептің 1-қосымшасына сәйкес Қағидалардың 5-қосымшасының 1-нысаны бойынша ұсынылған.

Жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы ақпарат

2022–2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру қызметтеріне тариф Шымкент қаласы бойынша ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 143-ОД бұйрығымен бекітілген.

2025 жыл ішінде «3-Энергоорталық» АҚ үшін жылу энергиясын өндіру қызметіне екі тариф қолданылды:

– 2025 жылғы 1 қаңтардан 31 шілдеге дейін – Шымкент қаласы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің 2024 жылғы 1 қазандағы № 83 бұйрығымен барлық жылу энергиясы түрлеріне 5 761,4 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз);

– 2025 жылғы 1 тамыздан 31 желтоқсанға дейін – Шымкент қаласы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің 2025 жылғы 23 шілдедегі № 46 бұйрығымен барлық жылу энергиясы түрлеріне 7 230,32 теңге/Гкал (ҚҚС-сыз).

Тарифтің өсуі келесі себеппен байланысты:

- 2025 жылғы 1 шілдеден бастап «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-дан сатып алынатын стратегиялық тауарлар –тауарлық газ құнының өзгеруіне байланысты (Заңның 22-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы және Қағидалардың 601-тармағының 1) тармақшасы);

Тарифтік смета тарифті арттырмай Шымкент қаласы бойынша ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің 2025 жылғы 21 қарашадағы № 88 бұйрығымен түзетілді.

2025 жылы жылу энергиясын өндіруге жұмсалған шығындар 3 621,1 млн теңгені құрады. 1 Гкал өзіндік құны 6 485,13 теңге/Гкал болды.

Жылу энергиясын өндіру шығындарының ауытқу себептері: Негізгі шығын бабы – отын, оның үлесі шығын құрылымында 73,3%-ды құрайды.

«Отын» бабы бойынша өндіріс көлемін қысқарту есебінен шығындарды 235,2 млн. теңгеге немесе 8,1% - ға төмендеді. Өнім бірлігіне қайта есептегенде отынның нақты шығындары 4752 теңге/Гкал, бекітілген тарифтік сметадағы отын шығындары – 4852 теңге/Гкал құрады. Бекітілген тарифтік сметада көзделген шығындардан нақты отын шығындарының шамалы ауытқуы 2% -. құрайды, бұл «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңында белгіленген 5% шеңберінде жол берілетін ауытқуға сәйкес келеді («Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 33-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы).

«3-Энергоорталық» АҚ-ға тәуелді емес себептер бойынша жылу энергиясын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты баптар бойынша үнемдеу орын алды:

- технологиялық мақсаттарға су – 2,0%;
- еңбекақы шығындары – 2,8%.

Көрсетілетін қызметтер көлемінің қысқаруына байланысты үнемдеу нәтижесінде босатылған 99,05 млн теңге ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 26-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға бағытталды.

2025 жылы жылу энергиясын өндіру бойынша шығын 98,6 млн теңгені құрады.

Шығындылықтың негізгі себептері - «3-Энергоорталық» АҚ-ға тәуелді емес себептер бойынша өткізу көлемінің төмендеуіне байланысты табыстың болмауы. 2025 жылы «3-Энергоорталық» АҚ-ға тәуелді емес себептер бойынша жылу энергиясын өткізу көлемін қысқарту есебінен «3-Энергоорталық» АҚ бекітілген тарифтік сметамен салыстырғанда жылу энергиясын өткізуден 266,6 млн.теңге кіріс алмаған.

«Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 33-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 220-тармағының 4) тармақшасына сәйкес табиғи монополиялар субъектісіне тәуелді емес себептер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты шығындарды үнемдеудің болуы бекітілген тарифтік сметаның шығындар баптарын орындамағаны үшін уақытша өтемдік тарифті енгізуге жол бермеу үшін негіз болып табылады.

2025 жылы көлемдердің төмендеуіне байланысты жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша «3-Энергоорталық» АҚ-ның алынбаған кіріс сомасы 266,6 млн.теңгені құрайды.

Осылайша, алынбаған табыс тарифтік сметаны орындамаудың жалпы сомасынан асып түседі, осыған байланысты өтемдік тарифті енгізу үшін негіздер жоқ.

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат осы есептің 2-қосымшасына сәйкес Қағидалардың 5-қосымшасының 2-нысаны бойынша ұсынылған.

2025 жыл бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы

«3-Энергоорталық» АҚ үшін реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштері, сондай-ақ қызмет тиімділігі көрсеткіштері уәкілетті орган тарапынан әзірленбеген және бекітілмеген.

Сонымен қатар, 2025 жылы Инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды орындау нәтижесінде келесі көрсеткіштерге қол жеткізілді:

- ТГМЕ-464 қазан агрегаты №2 тозуының төмендеуі – 3,4%;
- ТГМЕ-464 қазан агрегаты №3 тозуының төмендеуі – 5%;
- ХЦ, ОЖЦ, ЭЦ, ӨАСТК және техносорғы ғимараттарының тозуының төмендеуі – 4%;
- КТЦ машиналық залының негізгі корпусының тозуының төмендеуі – 1,4%;

- Апаттылық деңгейі – апаттар саны 0.

№ р/с	Сапа және сенімділік көрсеткіштері	2024 жылғы факт	2025 жылғы жоспар	2025 жылғы факт	Сенімділік пен сапа көрсеткіштерінің сақталуын бағалау	Сенімділік пен сапа көрсеткіштерінің сақтамаудың себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	негізгі құралдардың тозуын азайту, %	бекітілмеген	бекітілмеген	тозу 1,4% - дан 5% - ға дейін төмендеді	қол жеткізілді	жоқ

р/с	Тиімділік көрсеткіштері	2024 жылғы факт	2025 жылғы жоспар	2025 жылғы факт	Тиімділік көрсеткіштерін е қол жеткізуді бағалау	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
	2	3	4	5	6	7
	негізгі құралдардың тозуын азайту, %	бекітілмеген	бекітілмеген	тозу 1,4% - дан 5% - ға дейін төмендеді	қол жеткізілді	жоқ

2025 жыл бойынша табиғи монополия субъектісінің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы ақпарат

2025 жылы жылу энергиясын өткізуден түскен табыс 3 522,5 млн теңгені құрады.

2025 жылы жылу энергиясын өндіруге жұмсалған шығындар 3 621,1 млн теңгені құрады.

2025 жылы жылу энергиясын өндіру бойынша залал 98,6 млн теңгені құрады.

Залалдың негізгі себептері – өткізу көлемінің төмендеуіне байланысты табыстың толық алынбауы.

Нақты өзіндік құн (6 485,13 теңге/Гкал) уәкілетті орган бекіткен орташа босату тарифінен (6 365,2 теңге/Гкал) жоғары.

2025 жыл бойынша көрсетілген реттелетін қызметтердің көлемі туралы ақпарат

2025 жылы жылу энергиясын өткізу көлемі 558,4 мың Гкал құрады, оның ішінде:

–ыстық су түріндегі жылу энергиясы – 558,1 мың Гкал немесе жалпы көлемнің 99,9%;

–бу – 0,3 мың Гкал немесе жалпы көлемнің 0,1%.

Бекітілген тарифтік смета бойынша жылу энергиясын өткізу көлемі 595,3 мың Гкал құрайды, оның ішінде:

–ыстық су түріндегі жылу энергиясы – 594,6 мың Гкал немесе 99,9%;

–бу – 0,7 мың Гкал немесе 0,1%.

Жылу энергиясын өткізу көлемінің төмендеуі «3-Энергоорталық» АҚ-ға тәуелді емес себептер бойынша орын алды және жылу энергиясын босату «Қуатжылуорталық» МКК тұтынушысынан жылу энергиясын сатып алуға берілген өтінімдер бойынша жүргізілуіне байланысты, буды тұтынушы наурыз айынан бастап өзінің жабдығына жөндеу жүргізуіне байланысты буды тұтынудан бас тартты. Жылу энергиясын есепке алу теңгерімдік тиістілікті бөлу шекарасындағы есепке алу аспаптары бойынша жүргізіледі

2025 жылы көлемдердің төмендеуіне байланысты «3-Энергоорталық» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша алынбаған табысы 266,6 млн теңгені құрады.

Реттелетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы ақпарат

«3-Энергоорталық» АҚ заңнама талаптарын сақтайды және жариялылық пен ашықтық қағидаттарын ұстанады.

Кәсіпорын жылына екі рет табиғи монополиялар саласындағы қызметі туралы тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында есеп береді. Тыңдаулар ашық жиналыс түрінде және «Zoom» қосымшасы арқылы онлайн форматта өткізіледі. Мұндай іс-шаралардың уақыты мен орны туралы хабарламалар бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда жарияланады.

«3-Энергоорталық» АҚ заңнама талаптарына сәйкес тұтынушыларды тарифтердің өзгеруі туралы жазбаша түрде және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді.

Тұтынушының диспетчерлік қызметімен («ҚуатЖылуОрталық» МКК) тікелей телефон байланысы жолға қойылған, қаланың жылумен жабдықтау режиміндегі бұзушылықтарды жедел жою бойынша өзара іс-қимыл ұйымдастырылған.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚуатЖылуОрталық МКК-ның жылу энергиясын өндіру қызметі үшін дебиторлық берешегі 3 644,7 млн теңгені құрады.

Көрсетілетін реттелетін қызметтердің сапасы туралы ақпарат

«3-Энергоорталық» АҚ уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жалпыға бірдей қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Қызметтер көрсету тараптар жасасқан шарттардың және қабылданған шарттық өзара міндеттемелердің талаптарына сәйкес жүргізіледі. Реттелетін қызметтердің сапа, сенімділік көрсеткіштері, «3-Энергоорталық» АҚ үшін тиімділік көрсеткіштері белгіленбеген.

2025 жылғы жылыту кезеңі жылумен жабдықтау жүйесінде технологиялық бұзушылықтар мен іркілістерсіз өтті. Жылыту кезеңінде жылу магистральдарындағы жылу тасымалдағыштың параметрлері Шымкент қаласының тұтынушылары үшін жылу энергиясын сатып алуға арналған «Қуатжылуорталық» МКК-нің күнделікті мәлімделген техникалық тапсырмаларына сәйкес келді.

Тиімді әдістер мен технологиялар ретінде 2025 жылы «3-Энергоорталық» АҚ-да №2 қазандық агрегатының газ және әуе трактісіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Бұл іс-шара отын мен ауа арақатынасының бұрмалануын жоюға, газ жүретін арналарының қимасы бойынша оттегі мөлшерін теңестіруге, түтін газдарымен жылу шығындарын барынша азайтуға мүмкіндік берді және нәтижесінде қазанның пайдалы әсер коэффициентін 1,0%-ға арттырды.

Кәсіпорында жылу есебінің заманауи тораптары орнатылған, олар бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы жылу тасымалдағыш параметрлерін үздіксіз және сапалы бақылауға мүмкіндік береді.

Қызмет сапасын қамтамасыз ету үшін кәсіпорында жабдықтарды күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары уақытылы жүргізіледі.

Қызметтің перспективалары туралы ақпарат, оның ішінде тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы

Шымкент қаласы бойынша ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің 2025 жылғы 23 шілдедегі № 46 бұйрығымен «3-Энергоорталық» АҚ үшін 2025 жылғы тамыздан 2026 жылғы желтоқсанға дейін жылу энергиясын өндіру қызметіне тарифтер бекітілген.

№	Қызмет атауы	өлш.бірл.	2025 жыл	2026 жыл
1	Жылу Энергиясы	тенге/Гкал	7 230,32	7 207,6

2026 жылғы 1 шілдеден бастап газ бағасының өсуі күтілуіне байланысты жылу энергиясына тариф стратегиялық тауар (газ) бағасының жаңа деңгейін ескере отырып қайта қаралуы мүмкін.

2026 жылы «3-Энергоорталық» АҚ үшін «жылу энергиясын өндіру» қызметі бойынша уәкілетті орган бекіткен инвестициялық бағдарламаға сәйкес 204,1 млн теңге сомасына күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланған.

2026 жылға арналған бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шаралары:

1. ТГМЕ-464 қазан агрегатының №1 ПБАҚ күрделі жөндеуі;
2. Электржетегі бар бу қысымын реттегіштерді сатып алу;
3. №1 қазан агрегатының газ трактын күрделі жөндеу;
4. №1 қазан агрегатының ауа трактын күрделі жөндеу.

Тозуды төмендету мақсатында 2026 жылға арналған жылу энергиясын өндіру бойынша инвестициялық бағдарламаның сомасын өзгертпей, іс-шараларды ауыстыру арқылы түзету жоспарлануда.

Р.с. №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген (21.11.25ж. № 88 ТМРҚД бұйрығы)	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Ауытқу %	Ауытқу себептері
I	Тауарларды өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде	мың теңге	3 722 063,8	3 552 152,1	95,1	
1	Мат.шығындар-барлығы, оның ішінде	мың теңге	3 030 470,75	2 800 271,0	-7,6	
1.1.	Отын (газ, мазут)	мың теңге	2 888 487,44	2 653 303,0	-8,1	Өндіріс көлемін азайту.
1.2.	химреагенттер	мың теңге	110 043,74	111 848,0	1,6	Бағаны арттыру
1.3.	технологиялық мақсатына су	мың теңге	24 813,00	24 316,0	-2,0	Өндіріс көлемін азайту
1.4.	ТҚ көрсетуге және пайдалануға арналған материалдар	мың теңге	5 490,03	9 024,0	64,4	Материал бағаларының өсуі
1.5.	ЖЖМ	мың теңге	1 636,54	1 780,0	8,8	Бағаны арттыру
2	Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	381 910,21	371 101,0	-2,8	
2.1.	ЖӨҚ жалақысы	мың теңге	338 272,99	332 764,0	-1,6	Санды азайту
2.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	33 489,03	30 065,0	-10,2	нақты аударымдар
2.3.	МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру)	мың теңге	10 148,19	8 272,0	-18,5	нақты аударымдар
3	Амортизация	мың теңге	185 643,14	218 577,0	17,7	Күрделі жөндеулер есебінен НҚ бағасын арттыру
4	Жөндеу жұмыстары	мың теңге	83 359,76	88 165,0	5,8	Қызметтер құнын арттыру
4.1.	Жөндеу жұмысының материалдары	мың теңге	53 840,76	53 877,0	0,1	
4.2.	Жөндеу жұмысы бойынша мердігерлік ұйымдардың қызметтері	мың теңге	29 519,00	34 288,0	16,2	
5.	Басқа да шығындар	мың теңге	40 679,9	74 038,0	82,0	

5.1.	Бөгде ұйымдардың қызметтері	мың теңге	19 179,45	48 503,0	152,9	Қызметтер құнын арттыру, өндірістік қажеттілік
5.2.	Салықтар	мың теңге	16 561,44	18 915,0	14,2	Күрделі жөндеу есебінен НҚ құнының артуына байланысты мүлік салығының артуы
5.3.	Сақтандыру	мың теңге	2 706,02	3 919,0	44,8	Құнның артуы
5.4.	Еңбекті қорғау және ТҚ шығыстары (арнайы киім, сабын, сүт)	мың теңге	2 233,00	2 701,0	21,0	Құнның артуы
II	КЕЗЕҢ ШЫҒЫСТАРЫ барлығы, оның ішінде:	мың теңге	67 011,41	68 911,00	2,8	
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	67 011,41	68 911,0	2,8	
6.1.	Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы	мың теңге	27 622,56	22 516,0	-18,5	Санды азайту
6.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	2 734,63	2 113,0	-22,7	нақты аударымдар
6.3.	МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру)	мың теңге	828,68	492,0	-40,6	нақты аударымдар
6.4.	Салықтар	мың теңге	331,00	938,0	183,4	Күрделі жөндеу есебінен НҚ құнының артуына байланысты мүлік салығының артуы.
6.5.	Басқа да шығындар	мың теңге	35 494,55	42 852,00	20,7	
6.5.1.	Амортизация	мың теңге	3 766,34	6 860,0	82,1	Күрделі жөндеулер есебінен НҚ бағасын арттыру
6.5.2.	Жеңіл көлікке арналған ЖЖМ	мың теңге	230,61	282,0	22,3	Бағаны арттыру
6.5.3.	Кеңсе тауарлары, бланкілік өнімдер, компьютерлік жиынтықтар	мың теңге	1 128,53	456,0	-59,6	Көлемнің азаюына байланысты шығындарды оңтайландыру
6.5.4.	Іссапар шығындары	мың теңге	73,53	1 406,0	1 812,1	Іссапарлар санын ұлғайту есебінен шығындардың өсуі, өндірістік қажеттілік.
6.5.5.	Байланыс қызметтері	мың теңге	954,74	1 342,0	40,6	Қызметтер құнын арттыру
6.5.6.	Сақтандыру бойынша шығындар	мың теңге	138,00	122,0	-11,6	Санды қысқарту

6.5.7.	Бөгде ұйымдардың жалпы сипаттағы қызметтері	мың теңге	28 667,80	31 913,0	11,3	Құнның артуы, өндірістік қажеттілік
6.5.8.	ШҚ су шығыны	мың теңге	535,00	471,0	-12,0	Жылу энергиясына шығындарды бөлу коэффициентінің өзгеруіне байланысты
III.	БАРЛЫҚ ШЫҒЫНДАР	мың теңге	3 789 075,18	3 621 063,05	-4,4	
IV	Пайда	мың теңге	0,00	-98 580	0,0	
V	Барлық КІРІСТЕР, барлығы оның ішінде:	мың теңге	3 789 075,18	3 522 483	-7,0	
	<i>- Жылу энергиясы</i>	<i>мың теңге</i>	<i>3 784 849</i>	<i>3 520 680</i>	<i>-7,0</i>	
	<i>-16 АТА бу түріндегі жылу энергиясы</i>	<i>мың теңге</i>	<i>4 226</i>	<i>1 803</i>	<i>-57,3</i>	
VI	Жылу энергиясының көлемі, коллекторлардан босату, барлығы оның ішінде:	Гкал	602 044,0	566 895,0	-5,8	
	<i>Шаруашылық қажеттілікке жылу энергиясы</i>	<i>Гкал</i>	<i>6 764,0</i>	<i>8 531,0</i>	<i>26,1</i>	
VII	Көрсетілетін қызметтердің көлемі БАРЛЫҒЫ	Гкал	595 280	558 364	-6,2	
	<i>оның ішінде:</i>		0	0		
	<i>- Жылу энергиясы</i>	Гкал	594 616	558 051	-6,1	Жалғыз тұтынушы "Қуатжылуорталық" МКК өтінімі бойынша жылу энергиясын босату
	<i>-16 АТА бу түріндегі жылу энергиясы</i>	Гкал	664	313	-52,9	Жалғыз тұтынушы ЖК "Бердалиев" өтінімі бойынша буды босату
IX	Орташа жіберу ТАРИФІ, ҚҚС-сыз	теңге/Гкал	6 365,20	6 308,58	-0,89	
	<i>1.01.2025ж. бастап</i>	<i>теңге/Гкал</i>	<i>5 761,40</i>	<i>5 761,40</i>	<i>0,00</i>	
	<i>1.08.2025ж. бастап</i>	<i>теңге/Гкал</i>	<i>7 230,32</i>	<i>7 230,32</i>	<i>0,00</i>	